Әділет

# Біржолғы талондардың құнын және тіркелген салық ставкаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2012 жылғы 17 сәуірдегі N 21/4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 мамырда N 12-1-185 тіркелді. Жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы N 195/25 шешімімен

Ескерту. Жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 10.10.2013 N 195/25 шешімімен.

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 422-бабына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36-бабына, хронометраждық зерттеу актісіне сәйкес, Павлодар қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Эпизодтық сипаттағы қызметпен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандары үшін біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Базарлардың аумағында орналасқан дүңгіршектерден, стационарлық ғимараттардан (жеке блоктардан) басқа, қала базарларында тауарларды сату, жұмыстарды атқару, қызмет көрсету бойынша жұмыстарын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандары, жеке кәсіпкерлері мен заңды тұлғалары үшін бір жолғы талондардың құны 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Тіркелген салық ставкаларының мөлшері 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Павлодар қалалық мәслихатының 2009 жылғы 4 маусымдағы "Біржолғы талондардың құнын және тіркелген салық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" N 74/15 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-1-140 болып тіркелген, 2009 жылғы 2 шілдедегі "Сарыарқа самалы" N 75 және 2009 жылғы 6 шілдедегі "Версия" N 26 газеттерінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, қалалық мәслихаттың хатшысы М. Желнов*

Павлодар қалалық мәслихатының 2012 жылғы 17 сәуірдегі

N 21/4 шешіміне
1 қосымша

## Эпизодтық сипаттағы қызметпен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандары үшін біржолғы талондардың құны

| N р/н | Кәсіпкерлік қызметтің түрлері | Біржолғы талондардың 1 күнгі құны (теңгеде) | |
|---|---|---|---|
| 1 | Газеттер мен журналдар сату | | 50 |
| 2 | Тұқымдар (тікпе көшеттер, көшеттер) сату | | 150 |
| 3 | Бақша өсімдіктерін сату | | 280 |
| 4 | Саяжай және аула учаскілерінде өсірілген тірі гүлдерді сату | стационарлық ғимаратта көрсетілетін қызметтерден қоспағанда | 50 |
| 5 | Қосалқы ауыл шаруашылығы, бақшашылық, бақшалық, және саяжай учаскілерінің өнімдерін сату | | 50 |
| 6 | Жануарлар мен құстардың жемдерін сату | | 250 |
| 7 | Сыпыртқы, сыпырғыш,орман жидектері, бал, саңырауқұлақ және балықтарды сату | | 150 |
| 8 | Жер учаскілерін өңдеу бойынша жеке тракторлар иелерінің қызметі | | 210 |

Павлодар қалалық мәслихатының
2012 жылғы 17 сәуірдегі
N 21/4 шешіміне
2 қосымша

## Базарлардың аумағында орналасқан дүңгіршектерден, стационарлық ғимараттардан (жеке блоктардан) басқа, қала базарларында тауарларды сату, жұмыстарды атқару, қызмет көрсету бойынша жұмыстарын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандары, жеке кәсіпкерлері мен заңды тұлғалары үшін бір жолғы талондардың құны

| N р/н | Базардың мамандандырылуы | Біржолғы талондардың 1 күнгі мөлшері ( теңгеде) | | |
|---|---|---|---|---|
| Жабық | Аралас | Шағын базар | | |
| I-санат | II-санат | III-санат | | |
| 1 | Азық-түліктік, азық-түліктік емес, әмбебап | | | |
| 1) | Машинадан сауда жасау | 420 | 400 | 300 |
| 2) | Сөреден сауда жасау | 350 | 320 | 240 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3) | Дүңгіршіктен (бутиктен) сауда жасау | 430 | 410 | 290 |
| 4) | Контейнерден сауда жасау | 430 | 410 | 290 |
| 5) | Қолдан сауда жасау | 200 | 200 | 140 |
| 6) | Кілем, кілем тәрізді заттарды сату | 820 | 800 | 740 |
| 7) | Ет бөлу | 100 | 100 | 30 |
| 8) | Сауда орындарына жүктерді тасымалдау бойынша қызмет көрсету (жүк тасушалар) | 60 | 50 | 10 |
| 9) | Кофе, шәй, шекілдеуіктерді сату | 60 | 50 | 10 |
| 10) | Сауда орындарында дайын тағамдарды сату | 110 | 100 | 30 |
| 11) | Бұрынғы қолданыста болған тауарларды сату | 110 | 100 | 30 |
| 12) | Қолдан дайындалған тауарларды сату | 110 | 100 | 30 |
| 13) | Орнында дайындалатын өнімдерді өткізу ( кәуап және т.б.) | 350 | 320 | 240 |
| 2 | Мамандандырылған (автокөлік, мал және т.б.) | | | |
| 1) | Автомотокөліктер бірліктерін сату | 180 | 150 | 120 |
| 2) | Контейнерлерден қосалқы бөлшектерді, майларды, сұйықтықтарды, техникалық құралдарды сату | 430 | 410 | 290 |
| 3) | Үй жануарларын, құстарды, аңдарды және т.б. сату | 50 | 50 | 50 |

Павлодар қалалық мәслихатының
2012 жылғы 17 сәуірдегі
N 21/4 шешіміне
3 қосымша

## Тіркелген салық ставкалары

| N р/н | Кәспікерлік қызметтің түрлері | Салық салу объектісі | 1 айға тіркелген салық ставкаларының мөлшері (АЕК) | 1 жылғы тіркелген салық ставкаларының мөлшері (АЕК) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ойынды бір ойыншымен өткізуге арналған, ақшалы ұтыссыз ойын автоматтары бойынша қызмет көрсету | 1 автомат | 6 | 72 |
| 2 | Ойынды бір адамнан көп ойыншының қатысуымен өткізуге арналған, ақшалы ұтыссыз ойын автоматтары бойынша қызмет көрсету | 1 автомат | 8 | 96 |
| 3 | Ойын өткізу үшін қолданылатын, жеке компьютерлер бойынша қызмет көрсету | 1 компьютер | 3 | 36 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Боулинг бойынша қызмет көрсету | 1 жол | 25 | 300 |
| 5 | Бильярд бойынша қызмет көрсету | 1 үстел | 15 | 180 |
| 6 | Карт бойынша қызмет көрсету | 1 картинг | 2 | 24 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК